

Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 2 желтоқсан N 192.

1993 жылғы 2 қыркүйекте Анкарада қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы Консулдық конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы консулдық конвенция (1999 жылғы 15 қыркүйекте күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы, екі ел арасындағы достық қатынастарды одан әрі дамыту, сондай-ақ консулдық қатынастарды реттеу ниетін басшылыққа ала отырып, Консулдық конвенцияны жасауды ұйғарды және төмендегі жайында келісті:

1-БӨЛІМ. КІРІСПЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Анықтаулар

Осы Конвенцияда төменде келтіріліп отырған терминдердің мынадай мағыналары бар:

1/ "өкілін жіберген мемлекет" - консулдық қызмет адамын тағайындайтын Уағдаласушы Тарап дегенді білдіреді;

2/ "консулдық орналасқан мемлекет" - өз аумағында консулдық қызмет адамы қызмет бабындағы міндеттерін орындайтын Уағдаласушы Тарап дегенді білдіреді;

3/ "консулдық мекеме" - кез келген бас консулдық, консулдық, вице-консулдық немесе консулдық агенттік білдіреді;

4/ "консулдық округ" - консулдық орналасқан мемлекеттің консулдық міндеттерді орындау үшін консулдық мекемеге бөлінген ауданы дегенді білдіреді;

5/ "консулдық мекеменің басшысы" - осы сапада іс-қимыл жасау тапсырылған адам дегенді білдіреді;

6/ "консулдық қызмет адамы" - өкілін жіберген мемлекет бас консул, консул, вице-консул немесе атташе ретінде консулдық міндеттерді орындауды тапсырған

консулдық мекеменің басшысын қоса алғанда кез-келген қызмет адамы дегенді білдіреді;

7/ "консулдық мекеменің қызметкері" - консулдық мекемеде әкімшілік немесе техникалық міндеттерді орындайтын кез-келген адам дегенді білдіреді;

8/ "қызмет көрсетуші персоналдың қызметкері" - консулдық мекемеге қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді орындайтын кез келген қызмет адамы дегенді білдіреді;

9/ "консулдық мекеменің қызметкерлері" консулдық қызмет адамдары, консулдық мекеменің қызметкерлері және қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлері дегенді білдіреді;

10/ "консулдық персоналдың қызметкерлері" консулдық қызмет адамдары / консулдық мекеменің басшысын есепке алмағанда/, консулдық мекеменің қызметкерлері және қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлері дегенді білдіреді;

11/ "жеке үй қызметкері" - консулдық қызмет адамына тек қана жеке қызмет көрсететін адам дегенді білдіреді;

12/ "отбасы мүшелері" - консулдық қызмет адамының зайыбы /немесе жұбайы/, олардың кәмелетке толмаған балалары, сондай-ақ балаларымен бірге тұратын, өкілін жіберген мемлекеттің заңымен балаларын бағып-қағу жөніндегі қамқорлық жүктелген ата-аналар дегенді білдіреді;

13/ "консулдық архивтер" - барлық хат-хабарлар, құжаттар, кітаптар, газеттер, фильмдер, дыбыс жазу таспалары, шифрлармен, кодтармен бірге алғанда консулдық мекеменің реестрлері және олардың сақталуын қамтамасыз етуге арналған басқа да заттар дегенді білдіреді;

14/ "консулдық үйлері" - консулдық мекеме басшысының резиденциясын қоса есептегенде, меншік құқығы кімге тиесілі болса да, тек консулдық мекеменің мақсаттары үшін ғана пайдаланылатын үйлер немесе үйлердің бөлімдері, осы үйлерге немесе үйлердің бір бөлімдеріне қызмет көрсететін жер учаскесі дегенді білдіреді;

15/ "өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы" - осы мемлекеттің заңдарына сәйкес осы мемлекеттің азаматтығына ие кез келген адам дегенді білдіреді;

16/ "заңды құқығы бар ұйым" - осы мемлекетте штаб-пәтерлері бар, өкілін жіберген мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған ұйымдар дегенді білдіреді;

17/ "өкілін жіберген мемлекеттің кемесі" - әскери кемелерді есепке алмағанда өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдарына сәйкес оның порттарының бірінде тіркелген және өкілін жіберген мемлекеттің жалауы астында жүзуге хұқығы бар, осы мемлекеттің меншігіндегі кез келген кеме дегенді білдіреді;

18/ "өкілін жіберген мемлекеттің әуе кемесі" - әскери ұшу аппараттарын есепке алмағанда өкілін жіберген мемлекеттің меншігінде болатын, осы мемлекеттің заңдарына сәйкес тіркелген және осы мемлекеттің тану белгілерімен ұшуға хұқығы бар кез келген ұшу аппараты дегенді білдіреді;

19/ "Уағдаласушы Тараптар" - осы Конвенцияға қол қойған мемлекеттер дегенді білдіреді.

II БӨЛІМ.

КОНСУЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ОРНАТЫЛУЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

2-бап. Консулдық мекемелерді ашу және консулдық округтерді белгілеу

1. Консулдық мекеме консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында тек сол мемлекеттің келісімімен ғана ашылып, өз қызметін жүзеге асыра алады.

2. Консулдық мекеменің орналасқан жері, оның класы және оның консулдық округі, сондай-ақ осыған байланысты кез келген өзгерістер өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекеттің арасындағы келісім бойынша белгіленеді.

3. Егер консулдық мекеме басқа бекеттен вице-консулдық немесе консулдық агенттік ашуды қаласа, бұл жағдайда консулдық орналасқан мемлекеттің келісімі қажет.

4. Басқа жерде жұмыс істейтін консулдық мекеменің бір бөлігі болып табылатын бөлімшені ашу үшін де консулдық орналасқан мемлекеттің келісімі қажет.

5. Консулдық қызмет адамы өзінің консулдық округтен тыс жерлердегі міндеттерін консулдық орналасқан мемлекет алдын ала келісім бергенде ғана орындай алады.

6. Өкілін жіберген мемлекет осы мемлекетте құрылған консулдық мекемеге басқа мемлекеттердегі консулдық міндеттерін орындауды сол мемлекеттер келісім бергенде ғана мүдделі мемлекеттерді хабардар еткеннен кейін тапсыра алады. Консулдық орналасқан мемлекет, өзінің шешімін дәлелдеуге міндетті болмастан, кез келген уақытта өз келісімін өзгерте алады.

7. Консулдық орналасқан мемлекетті тиісінше хабардар еткеннен соң өкілін жіберген мемлекеттің консулдық мекемесі консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен консулдық орналасқан мемлекетте үшінші мемлекеттің атынан консулдық міндеттерін орындай алады. Консулдық орналасқан мемлекет, өзінің шешімін дәлелдеуге міндетті болмастан, кез келген уақытта өз келісімін өзгерте алады.

8. Құрметті консулдық 24-ші сәуір 1963 жылы Вена консулдық қатынастар конвенциясына сәйкес ашыла алады.

3-бап. Консулдық қызмет адамдарының азаматтығы

1. Тек өкілін жіберген мемлекеттің азаматы ғана консулдық қызмет адамы бола алады, алайда ол консулдық орналасқан мемлекетте тұрақты түрде тұратын адам болмауға тиіс.

2. Уағдаласушы Тараптар консулдық мекеменің қызметкерлері қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлері және жеке үй қызметшілері ретінде тек қана өз азаматтарын немесе консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтарын пайдалана алады.

4-бап. Консулдық қызмет адамдарының қызмет бабындағы статусы

Өкілін жіберген мемлекеттің азаматы болып табылатын консулдық қызмет адамдары консулдық орналасқан мемлекетте қызмет бабындағы міндеттерін орындау шеңберінен шығатын коммерциялық немесе қандай да бір басқа кәсіптік қызметпен айналыса алмайды. Бұл тәртіп сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жеке үй қызметшілеріне де қолданылады.

5-бап. Консулдық мекеменің басшысын тағайындау

1. Өкілін жіберген мемлекет консулдық басшысының тағайындалғаны туралы консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігін хабардар етеді және оған өмірбаянымен берген консулдық патент немесе басқа тиісті құжат жолдайды.

2. Патентте консулдық мекеме басшысының толық есімі мен фамилиясы, азаматтығы, атқаратын қызметі, консулдық округ және консулдық мекеменің орналасқан жері көрсетіледі.

3. Жоғарыда аталған формалдықтарды орындағаннан кейін консулдық орналасқан мемлекет оған экзекватураны немесе кез келген басқа формадағы рұқсатты тегін береді. Экзекватура немесе рұқсат бергенге дейін консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеменің басшысын өз міндеттерін орындауға кірісуіне уақытша рұқсат етіп, оған осы Конвенцияның ережелерінде көзделген артықшылықтарды қолдана алады.

4. Алайда консулдық орналасқан мемлекет, өз шешімінің себептерін түсіндіруге міндетті болмастан, экзекватура немесе басқа рұқсат беруден бас тарта алады.

6-бап. Консулдық округтің өкімет орындарын консулдық мекеме басшысының тағайындалғаны туралы хабардар ету

Консулдық мекеменің басшысы өз міндеттерін орындауға тіпті уақытша болса да жіберілгеннен кейін консулдық орналасқан мемлекет бұл туралы консулдық округтің құзыретті өкімет орындарын дереу хабардар етеді. Сонымен бірге консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеменің басшысы өз қызметі жөніндегі міндеттерін орындай алуы үшін және осы Конвенцияның ережелерінде көзделген артықшылықтарды пайдалана алуы үшін қажетті шаралардың бәрін қолданады.

7-бап. Консулдық мекеме басшысының қандай да бір себеппен өз міндеттерін орындай алмауы

1. Егер консулдық мекеменің басшысы қандай да бір себеппен өз міндеттерін орындай алмаса немесе егер консулдық мекеме басшысының қызметі уақытша немесе ұзақ уақыт бойына бос болса, өкілін жіберген мемлекет консулдық орналасқан мемлекеттегі осы немесе басқа консулдық мекеменің консулдық қызмет адамына немесе консулдық орналасқан мемлекеттегі өз дипломатиялық өкілдігі дипломатиялық персоналы мүшелерінің біріне немесе өкілін жіберген мемлекеттің орталық аппаратынан жіберілген қызмет адамына консулдық мекеме басшысының міндеттерін уақытша атқаруға уәкілеттік бере алады. Бұл жағдайда міндеттерді уақытша атқару мерзімі бір календарлық жылдың ішінде үш айдан аспауға тиіс. Алайда қажет болған

жағдайда бұл мерзім дипломатиялық арналар арқылы алынуға тиіс рұқсатпен ұзартылуы мүмкін.

2. Жоғарыда аталған міндеттерді атқаруға уәкілдік алған адам жөніндегі мағлұматтар консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне хабарланады.

3. Осы Конвенцияның ережелері консулдық мекеменің уақытша басшысы ретінде консулдық міндеттерді атқарушы адамға да қолданылады.

4. Консулдық орналасқан мемлекеттегі дипломатиялық өкілдіктің осы баптың 1-тармағына сәйкес консулдық міндеттерді орындау жүктелген дипломатиялық персоналының мүшесі дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалана береді.

8-бап. Консулдық мекеменің басқа қызметкерлерінің келуі, кетуі және олардың статусына қатысы бар өзгерістер туралы

1. Өкілін жіберген мемлекет консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне консулдық мекеменің басшысынан басқа консулдық мекеменің барлық қызметкерлерінің толық есімін, фамилиясын, азаматтығын, қызметін, келген және біржола кеткен уақытын, консулдық орналасқан мемлекеттегі жеке мекен-жайларын, сондай-ақ олардың статусындағы өзгерістер туралы хабарлайды.

2. Сонымен берген жергілікті өкімет орындарына мына төмендегі қажетті мағлұматтар:

а/ отбасы мүшелерінің кім екендігін куәландыратын құжаттарды табыс етумен бірге олардың келуі мен кетуі туралы;

б/ жеке үй қызметшілерінің кім екендігін куәландыратын құжаттарды табыс етумен бірге олардың келуі мен кетуі туралы;

в/ консулдық мекеменің қызметкерлері, қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлері және жеке үй қызметшілері ретінде жұмысқа алынған, консулдық орналасқан мемлекеттің азаматы болып табылатын адамдардың жалданып жұмысқа тұруы немесе жұмыстан шығуы туралы мағлұматтар хабарланады.

9-бап. Консулдық мекеме қызметкерлері міндеттерінің тоқтатылуы

Консулдық мекеме қызметкерінің міндеттері:

а/ оның міндеттерін тоқтату туралы өкілін жіберген мемлекет консулдық орналасқан мемлекетті хабардар етісімен;

б/ экзекватура немесе басқа бір формадағы рұқсат қолданыстан алынып тасталысымен тоқтатылады;

в/ консулдық орналасқан мемлекет, өзінің шешімін дәлелдеуге міндетті болмастан, белгілі бір консулдық қызмет адамы "persona non grata" болып табылады немесе консулдық мекеменің кез келген қызметкері немесе қызмет көрсетуші персоналдың кез

келген қызметкері жарамсыз болып табылады деп өкілін жіберген мемлекетті кез келген уақытта хабардар ете алады. Мұндай жағдайда өкілін жіберген мемлекет осы консулдық қызмет адамын немесе консулдық мекеменің қызметкерін немесе қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерін, соңғы екеуі өкілін жіберген мемлекеттің азаматы болып табылса, ең қысқа мерзімде кері шақырып алуға тиіс.

Егер консулдық мекеменің қызметкері немесе қызмет көрсетуші персоналдың қызметкері өкілін жіберген мемлекеттің азаматы болып табылмаса, аталған мемлекет оның қызмет бабындағы міндеттерін орындауын дереу тоқтатады.

Консулдық қызмет адамының отбасы мүшесі уақытша тұра беруі мүмкін, ал жеке үй қызметшісі консулдық орналасқан мемлекетте тек консулдық орналасқан мемлекеттің рұқсатымен ғана жұмыс істей алады. Консулдық орналасқан мемлекет, өзінің шешімін дәлелдеуге міндетті болмастан, кез келген уақытта осы рұқсаттың күшін жоя алады. Бұл жағдайда өкілін жіберген мемлекет жоғарыда келтірілген абзацта баяндалған талаптарға сәйкес іс-қимыл жасауға тиіс.

10-бап. Адамның жеке басын куәландыру

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары, өз ережелерін басшылыққа ала отырып, әрбір консулдық қызмет адамына оның жеке басымен қызметін куәландыратын құжатты тегін береді.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері сондай-ақ консулдық мекеменің қызметкерлеріне, қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлеріне, жеке үй қызметшілеріне, егер олар консулдық орналасқан мемлекеттің азаматы болып табылмаса, қолданылады.

11-бап. Дипломатиялық өкілдіктің консулдық міндеттерді жүзеге асыруы

1. Өкілін жіберген мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне консулдық міндеттерді орындайтын дипломатиялық персонал мүшелерінің толық есімін, фамилиясын және дәрежесін хабарлайды.

2. Өкілін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекеттегі дипломатиялық өкілдігінің осы өкілдіктегі консулдық міндеттерді жүзеге асыру жүктелген дипломатиялық персоналының мүшелері дипломатиялық статусына байланысты берілген хұқықтарын, артықшылықтары мен иммунитеттерін пайдалана береді.

III БӨЛІМ.

ЖЕҢІЛДІКТЕР, ТИІСПЕУШІЛІК ЖӘНЕ ИММУНИТЕТ

12-бап. Консулдық мекеменің, консулдық қызмет адамдарының консулдық міндеттерді орындауға байланысты жеңілдіктері

Консулдық орналасқан мемлекет консулдық міндеттердің орындалуына қажетті жәрдем көрсетеді және консулдық қызмет адамдары өз ресми міндеттерін орындай алатындай, осы Конвенцияға сәйкес хұқықтарды, артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалана алатындай болуы үшін тиісті шараларды қолданады.

13-бап. Ғимараттар мен тұрғын үйлер алу

1. Өзінің заңдары мен ережелеріне сәйкес консулдық орналасқан мемлекет өкілін жіберген мемлекеттің консулдық мекемесінің өзіне қажетті ғимараттарды немесе ғимараттардың бөлімдерін алуына, осы мақсатпен алынған жер учаскелерінде ғимараттар салуына немесе тиісті ғимараттарды қайта құруына, сондай-ақ олардың меншігіне беруге көмектеседі.

2. Консулдық орналасқан мемлекет сондай-ақ консулдық мекеменің өзінің қызметкерлеріне арнап лайықты тұрғын үйлер алуына жәрдемдеседі.

3. Ғимараттарды салғанда немесе салынған ғимараттарды қайта құрғанда өкілін жіберген мемлекет қала құрылысы жөніндегі заңдарды немесе қолданылып жүрген басқа да шектеулерді сақтау қажеттілігінен босатылмайды.

14-бап. Мемлекеттік жалау мен елтаңбаны пайдалану

1. Өкілін жіберген мемлекет осы баптың ережелеріне сәйкес консулдық орналасқан мемлекетте өзінің мемлекеттік жалауы мен елтаңбасын пайдалануға қақылы.

2. Өкілін жіберген мемлекеттің мемлекеттік жалауы консулдық үйінде және консулдық мекеме басшысының резиденциясында желбіресе, мемлекеттік елтаңба консулдық мекеменің кіреберістегі есігінің үстіңгі жағына бекітіледі. Қызмет бабындағы міндеттерді орындауға байланысты пайдаланылатын болса, мемлекеттік жалау сондай-ақ консулдық мекеме басшысының көлік құралында да желбіреуі мүмкін.

3. Осы бапта көзделген хұқықты пайдаланғанда консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелері және әдет-ғұрыптары ескерілуі тиіс.

15-бап. Консулдық үйлеріне ешкімнің тиіспейтіндігі

1. Консулдық үйлеріне тиісуге болмайды. Консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындары консулдық мекеменің басшысының немесе өкілін жіберген мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі басшысының немесе бұлардың бірі тағайындаған адамның келісімімен ғана консулдық үйлеріне кіре алады. Шұғыл шаралар қолдануды талап ететін өрт және басқа табиғат апаттары жағдайында консулдық мекемесінің басшысы мұндай келісімді ең қысқа мерзімде беруге тиіс.

2. Консулдық үйлерін басып кіруден немесе зиян шектіруден қорғау үшін, консулдық мекеменің тыныштығын бұзуға немесе оның қадір-қасиетін қорлауға жол бермеу үшін тиісті шаралардың бәрін қолдану жөніндегі арнаулы жауапкершілік консулдық орналасқан мемлекетке жүктеледі.

3. Консулдық үйлері, олардың консулдық мекеменің мебелі мен басқа да меншікті заттары және осы мекемеге тиесілі жүріп-тұру құралдары кез келген тінтуден, реквизициялаудан, қамауға алудан және басқа осы сияқты әрекеттерден қорғану пұрсаттылығын пайдаланады.

16-бап. Консулдық архивтер мен құжаттарға ешкімнің тимеуі

Кез келген уақытта және олардың орналасқан жеріне қарамастан консулдық архивтер мен құжаттарға ешкім тимейді.

17-бап. Қарым-қатынастар бостандығы

1. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеменің барлық ресми мақсаттары үшін қарым-қатынастар бостандығына рұқсат береді және қорғайды. Өкілдігін жіберген мемлекеттің үкіметімен, дипломатиялық өкілдіктерімен және басқа консулдық мекемелерімен қарым-қатынастарды жүзеге асырғанда, олардың орналасқан жеріне тәуелсіз, консулдық мекеме барлық сәйкес келетін құралдарды, бұған дипломатиялық және консулдық курьерлерді, дипломатиялық немесе консулдық вализдерді, кодталған немесе шифрланған шұғыл хабарларды қосқанда, пайдалана алады. Бірақ консулдық мекеме радиохабарлаушыны консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен ғана орналастырып және пайдалана алады. Консулдық мекемелер кәдімгі байланыс құралдарымен пайдаланғанда оған өкілдігін жіберген мемлекеттің дипломатиялық өкілдігіне қатысты тарифтер қолданылады.

2. Консулдық мекеменің ресми хат-хабарына ешкім тиіспейді. Консулдық вализа ашылуға да, ұсталуға да жатпайды. Бірақ, егер құзыретті органдардың вализада ресми пайдалануға арналған ресми хат-хабардан немесе құжаттар мен заттардан басқа нәрсе бар деуге негізі болған жағдайда олар өздерінің қатысуымен өкілдігін жіберген мемлекеттің уәкілдік берілген өкілінің вализаны ашуын талап ете алады. Егер бұл талап орындалмаса вализа жіберілген жеріне қайтарылуы тиіс.

3. Консулдық вализаны құрастыратын орындардың олардың сипатын көрсететін сыртқы белгілері болуы керек және онда тек қана ресми пайдалануға арналған ресми хат-хабар мен құжаттар немесе заттар болады.

4. Өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық курьері консулдық орналасқан мемлекетте, оның қызметі мен консулдық вализаны құрастыратын орындардың саны көрсетілген құжаты болған жағдайларда, дипломатиялық курьердің құқықтарымен, артықшылықтары мен иммунитеттерімен пайдаланады. Консулдық курьер болып, консулдық орналасқан мемлекетте тұрақты өмір сүрмейтін, өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы ғана жұмыс істей алады. Бұл ереже сондай-ақ оған сеніп берілген консулдық вализаны керек жеріне әкеліп жеткізген уақытта хұқықтары, артықшылықтары мен иммунитеттері тоқтатылатын "ad hoc" консулдық курьерлеріне де тарайды.

5. Консулдық вализа кіру рұқсат етілген мекенге келетін кеме капитанына немесе әуе кемесінің командиріне сеніммен тапсырыла алады. Бұл капитан немесе командир

вализаны құрастыратын орын сандары көрсетілген ресми құжатпен жабдыкталады. Бірақ ол консулдық курьер болып саналмайды. Консулдық мекеменің қызметкері консулдық вализаны кеме капитанынан немесе әуе кемесінің командирінен тікелей және кедергісіз қабылдай алады немесе осындай жолмен оған вализаны бере алады.

6. Ресми хат-хабар деген ұғымға консулдық мекемеге және оның қызметіне қатысы бар барлық хат-хабар кіреді.

18-бап. Консулдық қызмет адамдарын қорғау

Консулдық орналасқан мемлекет консулдық қызмет адамдарына тиісті құрметпен қарауға және олардың жеке бастарына, бостандығына және қадір-қасиеттеріне қандай да бір тиісушіліктің алдын алу үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға міндетті.

19-бап. Консулдық қызмет адамдарының жеке басына тиіспеу

1. Консулдық қызмет адамдары 5 жылдан астам уақытқа бас бостандығынан айыру түрінде жазалау шараларын қарастыратын қылмыстар үшін ғана консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкесті және құзыретті сот өкімет орындарының шешімі бойынша қамауға алынуға немесе ұсталуға жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында қарастырылған жағдайда, қоспағанда, консулдық қызмет адамдары қамауға алынбайды және олардың жеке басының бостандығы, қайта қаралуға жатпайтын сот шешімін орындаудан басқаша, кез келген нысанда шектеле алмайды.

3. Егер консулдық қызмет адамына қатысты қылмыстық іс-қозғалса ол құзыретті өкімет орындарының алдына баруға тиісті. Сонда да іс қозғалғанда оған консулдық қызмет адамының ресми жағдайы талап ететін, осы баптың 1-тармағында қарастырылған, яғни бұл істің оған консулдық міндеттерді орындауға қиындық келтірмейтін жағдайлардан басқа, құрмет көрсетілуге тиісті. Егер консулдық қызмет адамы осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсталуға жататын болса, оған қатысты сот ісі қысқа мерзімде жүргізілуге тиіс.

4. Консулдық қызмет адамы қамалған немесе ұсталған немесе оған қатысты сот талқылауы жүргізілген жағдайда консулдық орналасқан мемлекет қысқа мерзім ішінде бұл туралы консулдық қызмет адамы қарайтын дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге хабарлауға тиіс.

20-бап. Юрисдикция иммунитеті

1. Консулдық қызмет адамдары қызмет бабына қатысты жағдайда жасалған істері үшін консулдық орналасқан мемлекеттің қылмыстық, азаматтық және әкімшілік юрисдикциясына жатпайды.

2. Мұнымен бірге осы баптың 1-тармағында қарастырылған ережелер:

а/ консулдық қызметкердің, ол өкілдігін жіберген мемлекеттің атына тікелей немесе жанама әрекет етпеген немесе

б/ консулдық орналасқан мемлекетте жол көлік құралдары, кеме немесе әуе кемесінің келтірген зиянының салдарынан туындайтын, оны өтеуді үшінші тұлға талап еткен жағдайда пайдаланбайды.

21-бап. Куәлардың жауап беру міндеті

1. Консулдық мекеменің қызметкерлері сот және әкімшілік істерін талқылауда куәлардың жауабын беру үшін шақырылуы мүмкін. Консулдық мекеменің қызметкері немесе қызмет көрсетуші персоналдың жұмысшысы осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқасы, куәлардың жауабын беруден бас тарта алмайды. Егер консулдық қызмет адамы куәлардың жауабын беруден бас тартса оған ешқандай да еріксіз шаралар немесе басқа санкциялар қолданыла алмайды.

2. Консулдық қызмет адамының куәлардың жауабын беруіне талап ететін өкімет орындары оның өз міндеттерін орындауға кедергі келтірмеуі тиіс. Бұл өкімет орындарының мүмкіндігінше сондай-ақ осы консулдық қызмет адамының тұратын мекен-жайы бойынша немесе консулдық мекеме тыңдауына немесе жазбаша көрсетулерді қабылдауына болады.

3. Консулдық мекеменің қызметкерлері өздерінің міндеттерін орындауға қатысты куәлардың жауабын беруге немесе осыған қатысты ресми хат-хабарлар мен құжаттарды көрсетуге міндетті емес. Олар сондай-ақ өкілдігін жіберген мемлекеттің ұлттық заңдарына қатысты сарапшылар ретінде куәлардың жауабын беруден бас тарта алады.

22-бап. Артықшылықтар мен иммунитеттерден бас тарту

1. Өкілдігін жіберген мемлекет 19, 20 және 21-баптарда қарастырылған консулдық мекеме қызметкерінің артықшылықтары мен иммунитеттерден бас тарта алады. Бас тарту анық түсіндірілуге тиіс және консулдық орналасқан мемлекетке жазбаша түрде мәлімдеуі тиіс.

2. Консулдық қызмет адамы немесе консулдық мекеме қызметкері 20-бапқа сәйкес, оның қашан юрисдикциядан иммунитетпен пайдалана алатындығы туралы іс қозғауы негізгі талапқа тікелей байланысты қандай да бір қарсы кездесетін талапқа қатысты юрисдикциядан иммунитетке сілтеме жасау хұқығынан айырады.

3. Азаматтық немесе әкімшілік істер бойынша юрисдикция иммунитетінен бас тартуы сот шешімін орындауға қатысты иммунитеттен бас тартуы білдірмейді; мұндай іс-қимылдарға қатысты бөлек бас тарту қажет.

23-бап. Заңды және жеке бас борыштарынан босатылу

Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеме қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін барлық жеке бас борыштарынан қоғамдық міндеттерден, олардың сипатына қарамастан, әскери борыштардан, реквизиция, әскери алымдар мен тұрулардан босатады.

24-бап. Шетел азаматтары ретінде тіркеуден босатылу және тұруға рұқсат алу

Консулдық қызмет адамдары және консулдық мекеменің қызметкерлері сондай-ақ олармен бірге тұрып жатқан отбасы мүшелері шетел азаматтарын тіркеуге және тұруға рұқсат алуға қатысты консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерінде қарастырылған кез келген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

25-бап. Еңбекпен айналысуға рұқсат алуға қатысты міндеттерден босатылу

Өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтары болып табылатын консулдық мекеме қызметкерлері еңбекпен айналысуға рұқсат алуға қатысты, өкілдігін жіберген мемлекет үшін жұмыстарды орындауға қатысы бар, консулдық орналасқан мемлекеттің шетелдіктерді қабылдау жөніндегі заңдарында және ережелерінде қарастырылған міндеттерден босатылады.

26-бап. Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты ережелерді бұлжытпаудан босатылу

1. Осы баптың 3-тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, консулдық мекеменің қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері өкілдігін жіберген мемлекет үшін жұмыстарды орындауға қатысты, консулдық орналасқан мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру туралы қазіргі ережелерін бұлжытпаудан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында қарастырылған босату сондай-ақ тек қана консулдық мекеме қызметкерлерінің қызметіндегі үй қызметкерлеріне де мынадай шарттарда:

а/ олардың консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайды немесе осы мемлекетте тұрақты өмір сүрмейді;

б/ олар өкілдігін жіберген мемлекеттегі немесе үшінші мемлекетте әлеуметтік қамсыздандыру туралы ережелерге келетін болса таралады.

3. Осы баптың 2-параграфында қарастырылған босату таралмайтын консулдық мекеме қызметкерлері, жалдаушы кісі консулдық орналасқан мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңдарында жұмыс берушілерге салынатын міндеттемелерді бұлжытпауға міндетті.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында қарастырылған босатылу консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары қатысуға рұқсат еткен жағдайда консулдық орналасқан мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне ерікті қатысу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

27-бап. Салықтардан босатылу

1. Консулдық қызмет адамдары және консулдық мекеменің қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері барлық салықтардан және алымдардан - жеке басының, мүліктік, мемлекеттік, аудандық және муниципалдық - мыналарды:

а/ әдетте тауарлар немесе көрсетілетін қызметтерге қойылатын жанама салықтарды;

б/ 28-баптың ережелеріне қарастырылған қайтарып алулармен консулдық орналасқан мемлекеттің ауқымында тұрған және меншіктің қозғалмайтын мүлкіне салынатын салықтар мен алымдарды;

в/ мұрагерлікке салынатын немесе мұрагерлік мүліктің өтуіне осы баптың 3 б-тармағында қарастырылған қайтарып алулармен консулдық орналасқан мемлекет салатын салықтарды;

г/ консулдық орналасқан мемлекеттегі кез келген жеке табыстар көздеріне салынатын салықтар мен алымдарды;

д/ қызмет көрсетудің нақты түрлерін орындағаны үшін салықтар мен алымдарды;

е/ 28-баптың ережелерінде қарастырылған алулармен, тіркелу, соттық баж салығын, кепілдікке беру және елтаңбалық алымдарды, қоспағанда босатылады.

2. Өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтары болып табылатын консулдық мекеме қызметкерлері және жеке меншік үй қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындағаны үшін алатын еңбекақысына салынатын салықтар мен алымдардан босатылады.

3. Консулдық мекеме консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылатын консулдық мекеменің қызметкерлері мен жеке меншік үй қызметкерлерінің табыс салығына қатысты консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерінде қарастырылған міндеттемелерді бұлжытпауға тиіс.

4. Консулдық мекеме қызметкерінің немесе оның отбасының мүшесі қайтыс болған жағдайда консулдық орналасқан мемлекет:

а/ қайтыс болған адамға тиісті қозғалатын мүлікті, консулдық орналасқан мемлекетте сатып алынған және осы кісінің қайтыс болуы уақытына қарай алып кетуге тыйым салынған мүліктен басқасы, алып кетуге рұқсат береді;

б/ консулдық орналасқан мемлекетте қайтыс болған кісінің тек консулдық мекеменің қызметкері немесе оның отбасы мүшесі ретінде ғана болғандығына байланысты қозғалатын мүлікке, мұраға және мұралық мүліктің өтуіне ешқандай мемлекеттік, аудандық немесе муниципалдық салықтар мен алымдарды алмайды.

28-бап. Консулдық үй-жайларды және қозғалмалы мүліктің кейбір түрлерін салық салудан босату

1. Өкілдігін жіберген мемлекет иесі немесе жалдаушысы болып табылатын консулдық үй-жайлар және консулдық мекеме басшысының резиденциясы барлық

мемлекетті, аудандық немесе муниципалдық, қызмет көрсетудің нақты түрлерін көрсеткені үшін алынған төлемдерді қоспағанда, салықтар және алымдардан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында қарастырылған салық салудан босату өкілдігін жіберген мемлекетпен шарт жасасқан кісіге консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелері бойынша салынатын салықтар мен алымдарға таралмайды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері, сондай-ақ өкілдігін жіберген мемлекет иесі болып табылатын және тек ғана консулдық мекеменің мұқтаждықтары үшін пайдаланылатын қозғалатын мүлікке де таралады.

29-бап. Баж салықтарынан және тексеруден босатылу

1. Консулдық орналасқан мемлекет өзінде қабылдаған заңдар мен ережелерге сәйкес төменде көрсетілген заттарды алып келуге рұқсат береді және сақтау, тасымалдау мен осыған ұқсас көрсетілген қызметтердің тысында барлық кедендік баж, салық және ұқсас төлеу қызметтерінен босатылады.

а/ консулдық мекеменің қызметтік пайдалануы үшін керекті заттар.

б/ консулдық қызмет адамдарының және отбасының бастапқы кездегі үй жабдықтарын қосқанда жеке басының пайдалану заттары, Пайдаланатын заттар тиісті кісінің тікелей пайдалануы үшін қажетті саннан аспауы керек.

2. Жіберген мемлекеттің азаматы болған консулдық қызметкерлер бастапқы 6 ай ішінде алып келген заттары үшін осы баптың 1-тармағындағы ережелерді пайдалана алады.

3. "Заттар" анықтаушы сондай-ақ көлік құралдарына да таралады.

4. Консулдық қызмет адамының жеке басының жүгі кедендік тексеруден босатылады. Ол мынадай, егер консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарының жүктің ішінен осы баптың "б" тармақшасында аталған заттардан бөлекше немесе консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелері алып келуге және алып кетуге тыйым салған немесе карантиндік ережелер рұқсат етпейтін заттардың бар екендігіне бұлтартпайтын негізі болған жағдайда тексеріледі. Тексеру тиісті консулдық қызмет адамы немесе оның өкілінің қатысуымен сол жерде жүргізілуге тиіс.

30-бап. Қозғалу бостандығы

Бұның консулдық орналасқан мемлекеттік қауіпсіздік ұғымдары бойынша кіруге тыйым салатын немесе шектейтін заңдары мен ережелеріне қайшы келмейтіндігінен консулдық орналасқан мемлекет өзаралық негізде консулдық мекеменің барлық қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің ауқымдарының шегінде еркін ауысу және қозғалу бостандығын қамтамасыз етеді.

31-бап. Көлік құралдарын қамсыздандыру

Өкілдігін жіберген мемлекеттің меншігіне жататын, тек консулдық мекеменің пайдалануы үшін ғана арналған көлік құралдары және консулдық мекеменің қызметкеріне тиісті көлік құралдары міндетті қамсыздандыруға жатады.

Бұл мәселеде консулдық мекеме консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігінің нұсқауларын басшылыққа алады.

32-бап. Артықшылықтар мен иммунитеттер туралы мәселеге қатысты жалпы ережелер

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылатын консулдық мекеме қызметкерлері, олардың іс-қимылдары өздерінің міндеттерін орындау мақсатында жасалған және тек 21-баптың 3-параграфында аталған иммунитеттерді пайдаланған жағдайларды қоспағанда, осы мемлекеттің юрисдикциясына қарайды.

2. Консулдық мекеме қызметкерлері отбасыларының мүшелері, егер олар консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмаса, осы мемлекеттің ауқымында тұрақты өмір сүрмесе және осы мемлекетте кіріс келтіретін кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын болса, осы Конвенцияда қарастырылған артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

3. Сонда да консулдық орналасқан мемлекет осы баптың 1-2-параграфтарында аталған кісілерге қатысты юрисдикциясының консулдық мекеменің қызметтерін орындауына шектен тыс кедергі келтірмейтін етіп жүзеге асыруы керек.

IV БӨЛІМ

КОНСУЛДЫҚ МІНДЕТТЕР

33-бап. Міндеттер көлемі

Консулдық қызмет адамының міндеттері:

а/ өкілдігін жіберген мемлекеттің және оның азаматтарының хұқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтарына көмек көрсету;

б/ өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекеттің арасында сауда, экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, спорт, туризм және басқа салалардағы қатынастарды дамытуға жәрдемдесу;

в/ консулдық орналасқан мемлекеттің саяси, сауда, экономика, ғылыми-техникалық, мәдени, спорт және басқа салаларында ахуалды барлық заңды жолдармен анықтау және өкілдігін жіберген мемлекеттің үкіметіне хабарлау.

34-бап. Консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындарымен қарым-қатынастар

Консулдық қызмет адамы өзінің міндеттерін жүзеге асыруда:

а/ өзінің консулдық округінің құзыретті өкімет орындарына;

б/ консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті орталық органдарына консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарымен, ережелерімен және әдет-ғұрыптары немесе тиісті халықаралық келісімдер рұқсат беретін дәрежеде өтініш жасауға болады.

35-бап. Консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындарының алдында өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының атынан өкілдік ету

1. Консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының консулдық орналасқан мемлекеттің соттары мен басқа да өкімет орындарының алдында тиісті өкілдігін қамтамасыз ету үшін, егер олар болмаса немесе басқа себептермен өздерінің хұқықтары мен мүдделерін қорғай алмайтын жағдайда болса, қажетті шаралар қабылдауға хұқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағында қарастырылған өкілдік, өкілдігін жібергендер өздерінің уәкілдігін берушілерді тағайындаса немесе өздерінің хұқықтары мен мүдделерін қорғауды өз мойындарына алса, тоқтатылады.

36-бап. Азаматтарды тіркеу, төлқұжаттар мен визаларды беру

Консулдық қызмет адамы:

а/ өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтарын тіркейді;

б/ өкілдігін жіберген азаматтарының өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтығы жөніндегі мәселелер бойынша өтініштерін қабылдайды және осы мәселелер жөнінде құжаттар береді;

в/ өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтарына төлқұжаттар мен жол жүру құжаттарын береді, ұзартады, өзгерістер енгізеді және күшін жояды;

г/ консулдық орналасқан мемлекеттің және үшінші мемлекеттердің азаматтарына визалар береді.

37-бап. Азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі міндеттер

1. Консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелері рұқсат беретін шеңберлерде мынадай іс-қимылдарды жасайды:

а/ өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының туылу және қайтыс болуы актілерін жасайды және тіркейді;

б/ некеге тұрушы екі кісі өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтары болып табылса, некелерді тіркейді және тиісті құжаттар береді;

консулдық орналасқан елдің заңдарында қарастырылған шеңберлерде консулдық мекемедегі некелердің тіркелуі туралы консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарына мәлімдейді;

в/ консулдық орналасқан мемлекет заңдары рұқсат беретін шеңберлерде жұбайлардың ең кемінде біреуі өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы болып табылған жағдайда некелерді тіркейді және бұзады;

г/ өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының отбасылық қатынастарына қатысы бар өтініштерін қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері мүдделі кісілерді консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарында қарастырылған тәртіпті бұлжытпау міндеттерінен босатпайды.

3. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары кідіртпей және баж салығын алмай консулдық мекемеге қызметтік мақсаттар үшін сұралған өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының азаматтық хал актілері туралы жазбалардың көшірмесін береді.

38-бап. Нотариалдық міндеттер

1. Консулдық қызмет адамы:

а/ өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтарының, кез келген өтініштерін қабылдайды, өңдейді және куәландырады;

б/ өсиеттер мен басқа да құжаттарды, сондай-ақ өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының өтініштерін өңдейді, куәландырады және сақтауға қабылдайды;

в/ өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтарының арасында жасалған келісімдерді өңдейді, куәландырады және сақтайды. Бұл ереже қозғалмайтын мүлікке жасалған келісімдерден туындайтын хұқықтарды беруді немесе күшін жоятын жағдайларды болғызбайды;

г/ өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтарының құжаттарындағы қойылған қолдарды растығын куәландырады;

д/ өкілдігін жіберген мемлекеттің немесе консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары берген барлық құжаттарды аударады және ресмилендіреді, сондай-ақ аудармаларды және мұндай құжаттардың көшірмелерін растайды;

е/ өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдарына сәйкесті басқа да нотариалдық іс-қимылдарды жүргізеді.

2. Өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық қызмет адамның жасаған және куәландырған құжаттары, осы баптың 1-тармағында келтірілген, консулдық орналасқан мемлекет мекемелерінде консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары жасаған және куәландырған құжаттар сияқты, тек бұл тәртіп осы мемлекеттің заңдарына қайшы келмейтін болған жағдайда, сондай заңды мағынаға және дәлелдейтін күшке ие құжаттар сияқты қарастырылады.

39-бап. Жеке меншік заттарды сақтауға қабылдау

1. Консулдық қызмет адамы өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтарына тиісті құжаттарды, ақшаларды, бағалы заттарды және басқа меншік заттарын, егер бұл консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына қайшы келмесе, сақтауға қабылдайды.

Мұндай құжаттардың, ақшаларды, бағалы заттар мен басқа меншік заттарын консулдық орналасқан мемлекеттен тыс осы мемлекеттің заңдарына қайшы келмейтін жағдайда алып кетуге болады.

2. Консулдық қызмет адамы осындай жолмен өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының олардың консулдық орналасқан мемлекетінде болған кездерінде иелеріне беру мақсатымен алып келгенде жоғалған мүлікті де қабылдай алады.

40-бап. Қамқоршылық

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындары консулдық орналасқан мемлекеттің ауқымында өкілін жіберген мемлекеттің тұрақты немесе уақытша өмір сүретін азаматы үшін қамқоршыны тағайындау қажет болған жағдайлардың кез келгені туралы оларға белгілі болысымен тиісті консулдық мекемеге хабар береді.

2. Осы Конвенцияның 36-бабының ережелері еңбекке толық жарамсыз емес жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдер немесе басқа кісілердің хұқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қолданылады.

3. Консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарының алдында қамқоршыны тағайындау туралы, ішінара айтқанда, осы міндеттерді орындай алатын кісіні нұсқап, ұсыныс жасай алады.

4. Егер еңбекке толық жарамсыз емес жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдер мен кісілер өздеріне тиісті мүлікке басшылықты жүзеге асыра алмаса, консулдық қызмет адамы аталған мүлікке қамқоршыны тағайындауды қамтамасыз ете алады немесе консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарына осы мақсаттарда қажетті шаралар қабылдауын сұрап, өтініш жасай алады.

5. Консулдық қызмет адамы өкілін жіберген мемлекеттің заңдарына сәйкесті консулдық орналасқан мемлекетте тұрақты өмір сүретін, өкілдігін жіберген мемлекеттің жасы кәмелетке толмаған азаматына қамқорлықты қамтамасыз ете алады.

41-бап. Өкілін жіберген мемлекеттің азаматтарымен қарым-қатынастар мен байланыстар

1. Консулдық қызмет адамы өкілін жіберген мемлекеттің азаматтарымен қарым-қатынас жасауға, олардың консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарымен қарым-қатынастарына және сондай-ақ оларды қорғаушылармен, аудармашылармен және осы мақсаттан үшін басқа да кісілермен қамтамасыз етуге хұқығы бар.

2. Консулдық орналасқан мемлекет өкілін жіберген мемлекет азаматтарының консулдық мекемеге қарым-қатынастарына және консулдық үй-жайларға кіруін шектемейді.

3. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары консулдық қызмет адамына өкілін жіберген мемлекеттің азаматтары туралы ақпарат алуына, олармен байланыстар орнатуына және олармен сұхбат жүргізуге жәрдемдеседі.

42-бап. Бостандықтарына қатысты қандай да бір шамада шектеулерге ұшыраған азаматтармен қарым-қатынастар

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары өкілін жіберген мемлекеттің консулдық мекемесіне 5 күннен кешіктірмей, қысқа мерзімде өкілін жіберген мемлекет азаматтарының тиісті консулдық округтің шегінде ұсталғаны, қамауға алынғаны немесе басқаша нысанда бостандығынан айырылғаны туралы мәлімдейді. Сонымен бір мезгілде консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары кідіртпей осы кісінің консулдық мекемеге жіберген хабарының қайсысын да жібереді. Аталған өкімет орындары жедел түрде күрделі кісілерді осы бапқа сәйкесті олардың хұқықтары туралы мәлімдейді.

2. Консулдық қызмет адамы өкілін жіберген мемлекеттің қамауға алынған, ұсталған немесе басқаша нысанда бостандығынан айырылған азаматына барып тұруға, онымен ауызша немесе жазбаша қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ оған оның заңды өкілдігін жүзеге асыруға көмек көрсетуге хұқықты.

Сондай-ақ консулдық қызмет адамы өкілін жіберген мемлекеттің бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан азаматының қайсысына болса да барып тұруға хұқықты.

Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары консулдық қызмет адамына жоғарыда аталған кісілерге ұсталған қамауға алынған немесе басқа нысанда бостандығынан айырылғаннан кейін 7 күннен кешіктірмей барып тұруына рұқсат береді. Бұдан ары қарай мұндай хұқықтар парасаттылық және мерзімділік негізінде берілетін болады.

3. Осы бапта аталған хұқықтар консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкесті, бірақ аталған заңдар мен ережелер бұл хұқықтардың күшін жоймауға тиіс, жүзеге асырылуға тиісті.

43-бап. Азаматтардың жауабын алу және оларды хабарландыру

Консулдық қызмет адамы өкілін жіберген мемлекеттің құзыретті өкімет орындарының сұрауы бойынша өз азаматтарынан тарап, куә болушы және сарапшы ретінде ерікті жауаптарды алуға хұқықты және өкілетті. Осы іс-қимылдарды жасағанда еріксіз шараларды қолдануға немесе оларды қолданумен қорқытуға тыйым салынады.

44-бап. Жол-көлік оқиғалары

Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары консулдық қызмет адамына өкілін жіберген мемлекет азаматтарының қаза болуына немесе ауыр жарақаттар алуына себеп болған жол-көлік оқиғаларының барлығы туралы кідіртпей мәлімдейді.

45-бап. Азаматтың өлімі

Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары өкілін жіберген мемлекет азаматының өлімі туралы жедел түрде консулдық мекемеге мәлімдейді және өлімі туралы куәліктің көшірмесін, баж салығын алмай жібереді.

46-бап. Мұрагерлік және қорғау шаралары

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет органдары консулдық қызмет адамына өкілін жіберген мемлекет азаматының қайтыс болуының нәтижесінде мұрагерлікті ашу туралы немесе өкілін жіберген мемлекеттің мұраны берушінің азаматтығына қарамастан мұрагердің, қабылдап алушының немесе қабыл алмаушы-алушы рөліндегі азаматына қатысты мұрагерлікті ашу туралы кідіртпей мәлімдеуге тиісті.

2. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары осы мемлекеттің заңдарымен мұрагерлік қорғау жөніндегі қарастырған қажетті шараларды қабылдайды және консулдық қызмет адамына, егер қайтыс болған адам өсиет қалдырған болса, соның көшірмесін, сондай-ақ олардағы заңды мұрагерге қатысты ақпараттың барлығын, олардың тұрақты мекен-жайлары, мұрагерлік мүліктің құны мен құрамы, мемлекеттік қамсыздандырудан түскен ақшалай кірістерді, қамсыздандыру полисі бойынша өсім мен төлемдерді қосқанда, хабарлайды.

3. Консулдық қызмет адамы мына төмендегі тәртіптіліктерді орындауды:

а/ мұрагерлік мүлікті сақтау, сүргі салу және сүргі салынғанды ашу, мұрагерлік мүлікті қорғау үшін, мүлікті менгерушісі тағайындау және оның барлық тәртіптіліктерге қатысуын;

б/ мұраны құраушы мүлікті сату, сондай-ақ өзінің қатысуын қамтамасыз ету мақсаттарына осы сатудың анықталған күні туралы мәлімдеуді талап етуге хұқықты.

4. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары мұрагерлік туралы істің немесе ресми тәртіптіліктердің біткені туралы консулдық қызмет адамына кідіртпей мәлімдейді және оған 3 ай мерзім ішінде мұрагерлік мүлікті немесе оның үлесін, борыштарды, салықтар мен алымдарды төлеген соң мүдделі кісілерге тиесілі қалғанын береді.

5. Егер мұрагерлік мүліктің құны аз болса, консулдық қызмет адамы оған осы мүлікті беруді талап ете алады. Мұндай жағдайда ол мүдделі кісілерге осындай мүлікті беруге хұқықты.

6. Консулдық қызмет адамы мүліктің, мұраның тиісті бөлігін, өтемақылар, зейнетақылар, әлеуметтік қамсыздандыру полистері бойынша төлемдерді және консулдық орналасқан мемлекетте тұрақты өмір сүрмейтін өкілін жіберген мемлекет азаматтарына тиесілі төленбеген еңбекақыны мүдделі кісілерге беру үшін қабылдауға хұқықты.

7. Осы баптың 4, 5, 6-тармақтарының ережелеріне сәйкесті өкілін жіберген мемлекетке мүлікті және несиелерді беру тек қана консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкесті жүзеге асырылады.

47-бап. Өкілін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетте тұрақты түрде тұрмайтын азаматының қайтыс болуы

1. Өкілін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетте тұрмайтын азаматы осы мемлекетте уақытша болған кезде қайтыс болса, оның дүние-мүлкін консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары күзетке алып, қандай да бір ерекше процедура жасамай-ақ өкілін жіберген мемлекеттің консулдық қызмет адамына табыс етеді. Консулдық қызмет адамы қайтыс болған адамның бұрынырақ осы мемлекетте болған кезінде алған қарыздарын табыс етілген дүние-мүлкінің құны шеңберінде төлейді.

2. 46-баптың 7-тармағының ережесі сондай-ақ осы баптың 1-тармағында сөз болған меншікке де қолданылады.

48-бап. Кемелерге көмек көрсету

1. Консулдық қызмет адамы, бекеттерді қоса алғанда, консулдық орналасқан мемлекеттің аумақтық және ішкі суларында болған кезінде өкілін жіберген мемлекеттің кемелерінде, сондай-ақ осы кемелердің экипаждарына кез келген көмек көрсетуге қақылы.

Консулдық қызмет адамы сондай-ақ өкілін жіберген мемлекеттің кемелерінде және олардың экипаждары жөнінде бақылау жасап, тексеріс жүргізуге қақылы.

2. Капитан немесе экипаждың кез келген мүшесі өз консулдық мекемесімен еркін түрде байланыс жасай алады.

3. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары өкілін жіберген мемлекеттің заңдарымен ережелеріне сәйкес осы мемлекеттің кемелері мен олардың экипаждары жөнінде консулдық қызмет адамы қолданған шаралармен есептесуге тиіс. Осы міндеттерді жүзеге асырған кезінде консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарынан жәрдем өтіне алады.

49-бап. Консулдық қызмет адамдарының кемелер мен олардың экипаждары жөніндегі өкілдіктері

Консулдық қызмет адамы өкілін жіберген мемлекеттің заңдарына сәйкес теңізге жүзеге байланысты мына төмендегі кез келген іс-қимылдарды жасауға /тек қана олар консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне қайшы келмесе болғаны/;

а/ кемелінің қай ұлттық екендігіне, сол кеме жөніндегі меншік хұқығына және осы сияқты хұқықтарға, сондай-ақ оның жағдайы мен пайдаланылуына қатысы бар кез келген құжаттарды қабылдауға, хаттауға және куәландыруға;

б/ капитаннан, экипаждың басқа да мүшелерінен жауап алуға, кеме құжаттарын тексеруге, алуға және куәландыруға, кеме, оның жүгі мен жүретін жолы жөнінде декларация қабылдауға, сондай-ақ кемеңің бекетте кіруіне, шығуына және болуына жәрдемдесуге;

в/ капитанды, экипаждың басқа да мүшелерін госпитальға жатқызу, сондай-ақ мұндай адамдарды отанына қайтару үшін барлық қажетті шараларды қолдануға;

г/ консулдық орналасқан мемлекеттің сот және басқа өкімет орындарымен байланыс жасауда капитанға немесе экипаждың кез келген мүшесіне көмек көрсетуге және осы мақсатпен оларға қажетті хұқықтық көмек көрсетіп, оларды аудармашымен және басқа адамдармен қамтамасыз етуге қақылы.

50-бап. Кеме бортында жасалған қылмыстық іс-әрекеттер жөніндегі юрисдикция

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің соттары және басқа құзыретті өкімет орындары кеме бортында жасалған қылмыстық іс-әрекеттер жөнінде тек мына төмендегідей жағдайларда ғана күштеу шараларын қолдана алады:

а/ консулдық орналасқан мемлекеттің азаматы жасаған немесе оған қарсы жасалған қылмыстық іс-әрекеттер, немесе экипаж мүшесі болып табылмайтын адам жасаған немесе осы адамға қарсы жасалған қылмыстық іс-әрекеттер;

б/ консулдық орналасқан мемлекеттің тәртібін немесе аумақтық немесе ішкі суларының, яки бекетінің хауіпсіздігін бұзатын қылмыстық іс-әрекеттер;

в/ денсаулық сақтауға, теңіздегі қауіпсіздікті, иммиграциялық және кедендік режимді қамтамасыз етуге, теңіздің мұнаймен ластануына және контрабандаға жол бермеуге қатысы бар консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін бұзатын қылмыстық іс-әрекеттер;

г/ консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары бойынша кемінде 3 жылға және одан да көп мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ұшырататын қылмыстық іс-әрекеттер.

2. Консулдық орналасқан мемлекеттің соттары және басқа құзыретті өкімет орындары өкілін жіберген мемлекеттің кемесі жөнінде сондай-ақ консулдық қызмет адамының өтініші немесе келісімі бойынша күштеу іс-қимылдарын қолдана алады.

51-бап. Консулдық орналасқан мемлекет өкімет орындарының кеме бортындағы іс-қимылдары

1. Егер консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары бортқа көтерілгісі, өкілін жіберген мемлекеттің кемесінің бортында капитанды, экипаж мүшесін, осы кемеңің жолаушысын немесе консулдық орналасқан мемлекеттің азаматы болып табылмайтын басқа бір адамды қамауға алғысы немесе ұстағысы, яки кемеңің бортындағы мүлікті кәмпескелегісі келсе, мұндай іс-қимыл басталғанға дейін олар консулдық қызмет адамы кемеде болуы үшін консулдық мекемені хабардар етеді.

Тиісті ескертуде дәл уақыты көрсетіледі. Егер консулдық қызмет адамы немесе оның өкілі бұған қатыспаған болса ол жоғары өкімет орындарынан болған жағдай туралы олардың иелігіндегі бүкіл ақпаратты беруді өтіне алады. Бұл ережелер консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындары кеменің капитанынан немесе экипаж мүшесінен жауап алған кезде де қолданылады.

2. Шұғыл жағдайларда немесе кеме капитанының өтініші бойынша тергеу жүргізілгенде консулдық қызмет адамы тергеу туралы өте қысқа мерзімде хабардар етілуге тиіс.

Консулдық қызмет адамының өтініші бойынша оған ол жоқ кезде өткізілген тергеудің нәтижелері туралы ақпарат табыс етіледі.

52-бап. Ерекше жағдайлар

48, 49 және 51-баптардың ережелері консулдық орналасқан мемлекеттің кедендік заңдары мен ережелеріне, адам денсаулығын қорғауға қатысы бар карантин және басқа бақылау шараларына теңіздің ластануына жол бермеуге, порттағы жүктердің күзетілуін қамтамасыз етуге, шетел азаматтарының кемеге кіруіне рұқсат етуге байланысты сол мемлекет жөнінде қолданылмайды.

53-бап. Корабльдің күйреуі немесе кеменің апатқа ұшырауы

1. Егер өкілін жіберген мемлекеттің кемесі консулдық орналасқан мемлекеттің аумақтық немесе ішкі суларында күйресе, жарақат алса, қайраңдап қалса, жағаға шығып қалса немесе қандай да бір басқа апатқа ұшыраса, консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары бұл туралы және кемені, жолаушыларды, экипажды, сондай-ақ олардың дүние-мүліктері мен жүктерін құтқару және қорғау жөнінде қолданылған шаралар туралы консулдық қызмет адамына дереу хабарлайды.

2. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары осы баптың 1-тармағына сәйкес консулдық қызмет адамына ол қолданып жатқан шаралар жөнінде оның өтініші бойынша қажетті көмек көрсетеді.

3. Егер күйреуге ұшыраған кеме, оның экипажының құжаттары, заттары мен жүктері консулдық орналасқан мемлекеттің жағалауында немесе осы жағалауға жақын жерде табылса, немесе осы мемлекеттің портында болса, егер кеме капитаны, оның көмекшісі, кеменің иесі және сақтандыру компанияларының өкілдері бұл кезде болмаса және аталған меншіктің сақталуын қамтамасыз ету немесе оның бұдан әрі жеткізілетін жерін анықтау жөнінде шара қолдана алмаса, консулдық қызмет адамы кеме иесінің апат кезінде болуына тура келгенде қолдануы мүмкін шараларын қолдануға қақылы.

4. Консулдық қызмет адамы күйреген, апатқа ұшыраған немесе қайраңға отырып қалған кеменің қай ұлттық екендігіне қарамастан кеменің кез келген дүние-мүлкі және өкілін жіберген мемлекеттің азаматына тиесілі жүк жөнінде, егер осы дүние-мүлік консулдық орналасқан мемлекеттің жағалауында, жағалауға жақын жерде табылса

немесе осы мемлекеттің портында болса, аталған баптың 3-тармағында көзделген барлық шараларды қолдана алады. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары мұндай дүние-мүліктің бар екендігі туралы консулдық қызмет адамын дереу хабардар етуге тиіс.

5. Апатқа ұшыраған кеменің жабдықтары, жүктері және азық-түлік қорлары консулдық орналасқан мемлекетте пайдалануға немесе тұтынуға арналмаса, консулдық орналасқан мемлекетте оларға кедендік баж салықтары мен алымдар салынбайды.

54-бап. Кеме экипажы мүшесінің қайтыс болуы немесе жоғалып кету

1. Өкілін жіберген мемлекетте тиесілі кеме экипажының мүшесі қайтыс болған немесе жоғалып кеткен және мұның өзі сол кеменің бортында немесе консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында орын алған жағдайда, кеме капитаны немесе оны алмастырушы адам, сондай-ақ өкілін жіберген мемлекеттің консулдық қызмет адамы қайтыс болған немесе жоғалып кеткен адамнан қалған жеке нәрселердің, бағалы заттардың және басқа дүние-мүліктің тізімдемесін жасауға, аталған дүние-мүлік пен мұраны сақтау және олардың бұдан былайғы тағдырын анықтау үшін қажетті шаралар қолдануға қақылы бірден-бір адамдар болып табылады.

Алайда, егер қайтыс болған немесе жоғалып кеткен адам консулдық орналасқан мемлекеттің азаматы болса, кеме капитаны немесе оны алмастырушы адам мұндай тізімдемені қайтыс болуды немесе жоғалып кетуді белгілеу кезінде жасайды. Мұндай тізімдеменің бір данасы консулдық орналасқан мемлекеттің мұраны қорғау жөнінде әр түрлі шаралар қолдануға және қажет болған жағдайда оның тағдырын шешуге қақылы өкімет орындарына табыс етіледі. Осы өкімет орындары өздері қолданған барлық шаралар туралы өкілін жіберген мемлекеттің консулдық мекемесін хабардар етуге тиіс.

2. Консулдық қызмет адамы өзінің мұра жөніндегі өкілеттігін жүзеге асырған кезде осы баптың 1-тармағына сәйкес консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарын сақтауға тиіс.

55-бап. Әуе кемелері

Осы Конвенцияның 48-54-баптарының ережелері мүмкін болғанына қарай тиісінше өкілін жіберген мемлекеттің әуе кемелеріне де қолданылады.

56-бап. Консулдық баж салықтары мен алымдар

1. Консулдық мекеме консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында өкілін жіберген мемлекеттің заңдарына сәйкес жасалған консулдық іс-қимылдар үшін консулдық баж салықтары мен алымдар жинай алады.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес консулдық іс-қимылдар үшін алынған сома консулдық орналасқан мемлекетте салық пен алым атаулыдан босатылады.

Ү БӨЛІМ

Қорытынды қаулылар

57-бап. Басқа консулдық міндеттер

Консулдық қызмет адамы өзіне өкілін жіберген мемлекет жүктеген, консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарымен тыйым салынбаған және жүзеге асырылуына бұл мемлекет қарсылық білдірмейтін кез келген басқа консулдық міндеттерді немесе екі мемлекет арасында жасалған, қолданылып жүрген халықаралық келісімдерде аталған міндеттерді орындай алады.

58-бап. Консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін сақтау

1. Осы Конвенцияның ережелеріне байланысты иммунитеттер мен артықшылықтарға ие болған адамдардың бәрі өздерінің иммунитеттері мен артықшылықтарына нұқсан келтірместен, консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін сақтауға міндетті. Олар сондай-ақ осы мемлекеттің ішкі істері араласудан аулақ болуға міндетті.

2. Консулдық үйлері консулдық міндеттерді жүзеге асырумен сыйыспайтын мақсаттарда пайдаланылмауға тиіс.

59-бап. Конвенцияның ережелерін заңды ұйымдарға қолдану процедурасы

Осы Конвенцияның өкілін жіберген мемлекеттің азаматтарына қатысы бар ережелері сол мемлекеттің заңды ұйымдарында қолданылады.

60-бап. Конвенцияның бекітілуі мен күшіне енуі

1. Осы Конвенция бекітілуге тиіс және бекіту грамоталары алмасылғаннан кейін он үшінші күні күшіне енеді.

2. Бұл конвенцияның мерзімі белгіленбеген, Уағдаласушы Тараптардың бірінің хабарлауы арқылы Конвенция бұзылады. Бұл жағдайда Конвенцияның қолданыста болуы оның бұзылғандығы туралы хабар берілген күннен бастап алты ай өткен соң тоқтатылады.

Осыны куәландыру үшін Уағдаласушы Тараптардың Өкілетті өкілдері осы Конвенцияға қол қойып, оны мөрлерімен растады.

Үш дана болып, қазақ, түрік және орыс тілдерінде жасалды және барлық мәтіннің де күші бірдей.

Анкара қаласында 1993 жылдың 2 қыркүйекте қол қойылды.

Қазақстан

Түрік

Республикасы үшін

Республикасы үшін